

"Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығына толықтыру енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 26 сәуірдегі № 248 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

"Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 27, 331-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақтың 12) тармақшасы «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына;» деп жазылып, мынадай мазмұндағы 13) тармақша мен толықтырылсын:

«13) Қазақ ұлттық хореография академиясына ерекше мәртебе берілсін.».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н.Назарбаев